"Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қарашадағы N 1031 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1004 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 12 ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қарашадағы N 1031 қаулысымен бекітілген

## "Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті 1. Қолданылу саласы

1. Осы "Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне , Қазақстан Республикасының " Техникалық реттеу туралы " 2004 жылғы 9 қарашадағы және " Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы " 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Техникалық регламенттің реттеу объектілері мыналар болып табылады:

1) тоқыма және трикотаж материалдар;

2) киімдер және тоқыма және трикотаж материалдардан жасалған іш киімдерді қоса алғанда, бұйымдар;

3) былғары мен теріден жасалған киім мен бұйымдар;

4) төсек-орын жаймалары мен көрпелер;

5) былғары және тері материалдары;

6) аяқ киім және былғары галантерея бұйымдары;

7) шұлық-ұйық бұйымдары;

8) бас киімдер.

Осы Техникалық регламенттің әрекеті қолданылатын Жеңіл өнеркәсіп өнімінің (бұдан әрі - өнім) тізбесі осы Техникалық регламентке 1-қосымшада берілген.

3. Осы Техникалық регламенттің әрекеті мына:

1) бұрын тұтынуда болған немесе жеке тапсырыс бойынша дайындалған;

2) оларға қатысты талаптар дәрілік заттар, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі саласында жекелеген Техникалық регламенттермен белгіленетін медициналық мақсатта қолданылатын ;

3) оларға қатысты талаптар "Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінде белгіленетін балаларға арналған;

4) әскери және нысандық киім мен аяқ киімге, жеке қорғаныс құралы болып табылатын арнайы киім мен аяқ киімге;

5) санитарлық-гигиеналық мақсаттағы өнімге;

6) оларға қатысты талаптар "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентінде белгіленетін буып-түю материалдарына;

7) техникалық мақсаттағы тоқыма материалдар мен бұйымдарына қолданылмайды.

4. Өнімді сәйкестендіру моделдердің техникалық сипаттамаларына, өнімнің нақты түріне арналған үлгі - эталондарға, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының жіктегіш кодтарына, таңбалауға және (немесе) ілеспе құжаттарға сәйкес көрнекі жүзеге асырылады. Өнімді көрсетілген тәсілдермен сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда ол өнімнің нақты түріне арналған нормативтік құжаттарға сәйкес құралдық әдістермен жүргізіледі.

5. Осы Техникалық регламент өнім түріне қарай оның тұтынушы өмірі мен денсаулығы үшін механикалық, химиялық және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды белгілейді.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер қолданылды:

1) аяқ киім - аяқты жабуға немесе қорғауға арналған қолданбалы ұлтаны бар барлық бұйымдар, соның ішінде олардың жеке сатылатын құрамдас бөліктері;

2) беттік қабаты (беттік үсті) - аяқ киімнің ұлтанға қосылатын немесе аяқ киім материалдарының (былғарының) құрылымдық элементінің сыртқы жоғары бөлігі;

3) биологиялық қауіп - дайын бұйымның физикалық (иілгіштік, су өткізбеушілігі) және химиялық қасиеттерінің көрсеткіштері өнім түріне қарай белгіленген талаптарға сәйкессіздігі салдарынан тұтынушының ағзасына келеңсіз әсері;

4) зиянды заттар - әдеттегі пайдалану уақытында олардың бұйым материалында болуы рұқсат етілетін концентрациядан артық болған жағдайда тұтынушының денсаулық жай-күйіндегі келеңсіз ауытқушылық тудыруы мүмкін химиялық заттар;

5) механикалық қауіп - тұтынушының денсаулығына залал тигізу қатерін арттыратын бұйымдардың мөлшерлес еместігі, беріктігінің, орнықтылығының жеткіліксіз болуы немесе кедір-бұдырлығы салдарынан дайын өнімнің тұтынушыға келеңсіз әсері;

6) өнімді айналымға шығару - сату үшін дайындаушы (сатушының немесе шетелдік дайындаушының уәкілетті өкілінің) қоймасынан жіберілетін өнім;

7) өнімнің айналымы - өнімді әкелуді (импорт) және әкетуді (экспорт), сондай-ақ олармен байланысты буып-түю, таңбалау, сақтау және тасымалдау процестерін қоса алғанда, сатып алу-сату шарттары бойынша сатуда тұрған өнім;

8) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

9) супинатор (өкшелік) — аяқ киімнің өкшелік бөлігінің қажетті қаттылығы мен иілгіштігін жасауға арналған негізгі ұлтарақ пен ұлтан арасында бекітілетін металл фигуралық тілікше;

10) сыртқы ұлтан - пайдалану процесінде үйкеліске ұшырайтын және аяқ киімнің жоғары бөлігіне қосылатын аяқ киімнің төменгі бөлігі;

11) сырылған көрпе - айқыс бедерлі тігістермен сырылған, екі қабатты матадан тұратын және олардың арасына жылу қорғағыш төсемі салынған тігін бұйымы;

12) табиғи беттік қабаты бар былғары — шіруді болдырмас үшін өңделген, түкті құрылымды жануарлар терісі;

13) талшық құрамын таңбалау - тоқыма материалына кіретін талшықтары құрамы пайызбен көрсетілетін затбелгіде, бұйымда немесе орауышта жазбаша немесе баспа мәтін түрінде немесе графикалық орындау түрінде көрсету;

14) тоқыма көрпе - ұйықтайтын орынның қажетті гигиеналық жағдайларын жасауға арналған әр түрлі талшықтардан жасалған тоқыма бұйым;

15) тоқыма материалдар - жалпы салмағынан ең азы 80 % тоқыма талшықтарынан тұратын материалдар;

16) төсек жаймасы - ұйықтайтын орынның қажетті гигиеналық жағдайларын жасауға арналған тігін бұйымы;

17) төсем және ұлтарақ - аяқ киімнің ішкі бөлігін құрайтын, жоғары бөлікке және ішкі ұлтанға түптелген материалдар;

18) уыттылық индексі - жасушалар тінінде "in vintro" (шыны түтік ішінде) айқындайтын жалпы жіті уыттылықтың интегралдық керсеткіші;

19) ұйықтайтын қап - айқас тігістермен сырылған, екі қабатты матадан тұратын және араларына жылу қорғағыш төсемдері салынған, әдетте сырма-ілгегі мен бас қапшығы бар және негізінен туристерге демалуға арналған тігін бұйымы;

20) химиялық қауіп - денсаулық үшін зиянды, қауіпті химиялық заттар концентрациясының шекті рұқсат етілетін деңгейінің өнімде артық болуы;

21) іш киім бұйымдары - тұтынушы үшін қажетті гигиеналық жағдайлар жасауға арналған тігін бұйымдары.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3. Жобалау кезінде өнім қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

7. Өнімді жобалау және өндіріске қою кезінде өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде барлық механикалық, химиялық және биологиялық қауіптермен байланысты қатерлер сәйкестендірілуі тиіс.

8. Өнім үшін қатерлерге жүргізілген бағалауды ескере отырып, өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде рұқсат етілген (қолайлы) деңгейге дейін қатерді жоюға немесе азайтуға (төмендетуге) арналған шаралардың барлық кешені анықталуға тиіс.

9. Жобалау және өндіріске қою кезінде стандарттарды және (немесе) техникалық сипаттамаларды, соның ішінде өнімнің сипаттамасын қамтитын

жобалық құжаттама, конструкторлық құжаттама (сызбалар, эскиздер), үлгі-эталондар, қолдану жөніндегі нұсқаулықтар үйлестірілген стандарттарға сәйкес әзірленуі тиіс.

## 4. Өндіру кезінде өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

10. Өндіру кезінде өнімді дайындау процесінің жобалық құжаттаманың және осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілуі қажет.

11. Өндіруші кәсіпорындарда қабылданған технологиялық процестердің, кәсіпорындарда қолданылатын менеджмент жүйелерінің кешенін ескере отырып, жобалық құжаттамада көзделген өнімнің қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз етуге талдау жүргізеді.

12. Өндіру кезінде қосылатын шикізат пен материалдардың, технологиялық үдерісінің және дайын өнімнің қауіпсіздігін бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 5. Тасымалдау және сақтау кезіндегі өнім қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

13. Өнімді тасымалдау және сақтау өнімге арналған нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

## 6. Нарыққа орналастыру және оның айналымы кезінде өнім қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

14. Өнім, егер:

1) оны қолдану ережелері сақталған жағдайда осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келсе;

2) қатерлердің рұқсат етілетін деңгейін қамтамасыз ететін оның мақсаты және қолдану ережелеріне қатысты тұтынушыларды адастыруға әкелмесе;

3) өнім қауіпсіздігін растайтын қажетті құжаттары, соның ішінде сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы, егер оның болуы өнімнің нақты түріне арналған нормативтік құжаттарда көзделсе, пайдалану жөніндегі нұсқаулығы болса Қазақстан Республикасының нарығында айналымға енгізіліп, орналастырылады.

15. Нарықта өнімді орналастыру және айналымында болу кезінде өнім қауіпсіздігіне қатысты сатып алушыны және (немесе) тұтынушыны адастыратын

іс-қимылдардың алдын алу мақсатында, таңбалау арқылы өнім туралы толық және шынайы ақпарат берілуі тиіс.

16. Өнімді таңбалау «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес келуі тиіс, анық, тексерілетін, жеңіл оқылатын, сондай-ақ осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасында көзделген оның түріне қарай өнімнің таңбалануына (затбелгі қойылуына) қойылатын қосымша талаптарды қамтуы тиіс.

Экологиялық таза материалдардан дайындалған өнімге экологиялық таза өнімге арналған нормативтік құжаттамаға сәйкес белгі қойылуы тиіс.

Импорттық өнімдер үшін: елі, өнімнің қайда дайындалғаны, фирмалық атауы және латын әліпбиін пайдалана отырып, шетелдік дайындаушының мекенжайын көрсетуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 7. Өнімді нарықтағы айналымнан алып қоюға, оларды кәдеге жаратуға және жоюға қойылатын талаптар

18. Осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін өнім қауіпті болып табылады және айналымнан алып қоюға жатады.

19. Қауіпті өнімнің иесі осы Техникалық регламент талаптарына сәйкессіздік айқындалған сәттен бастап оны айналымнан дереу алып тастауы тиіс.

Егер қауіпті өнімнің иесі оны айналымнан алып тастау жөнінде шаралар қолданбаған жағдайда, мұндай өнім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күштеп жоюға, кәдеге жаратуға және жоюға жатады.

20. Айналымнан алып қойылған өнім нәтижелері бойынша өнімнің сәйкессіздігін жою, кәдеге жарату немесе жою туралы шешім қабылданатын "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінде және осы Техникалық регламенттің 13-бөлімінде белгіленген тәртіппен сәйкестікті растауға жатады.

## 8. Өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

21. Өнім түрі, мақсаты және конструкциясы бойынша "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарға, өнім өндіруші бекіткен үлгі-эталондарға және техникалық сипаттамаларға сәйкес болуға тиіс.

22. Өнімді өндіру үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес

болатын және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат еткен шикізат пен материалдар қолданылуға тиіс.

23. Өнімді рұқсат етілген деңгейге дейін тұтану қатерін болдырмау немесе оны төмендету үшін материалдар мен дайын өнімнің отқа төзімді қабаттары болуы тиіс.

24. Осы Техникалық регламенттің әрекеті қолданылатын өнімнің бояуының орнықтылық нормалары "төзімді" тобынан төмен болмауға тиіс. Өнім өндіруде қолданылатын бояғыш заттарды қолдануға "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен рұқсат етілуі тиіс.

Өнімің бояуының төзімділік нормалары оларға қатысты нормативтік құжаттарға және осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес болуы тиіс.

25. Өнімнің физикалық-гигиеналық қасиеттерінің көрсеткіштері осы Техникалық регламентте белгіленген нормаларға сәйкес болуы тиіс.

26. Экологиялық таза тоқыма және трикотаж материалдарға, тігін және трикотаж бұйымдарға, былғарыға және иіретін талшықтарға қойылатын талаптар белгіленген экологиялық тазалық стандарттарына сәйкес болуы тиіс.

## 9. Былғары және былғары-галантерея бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

27. Аяқ киім мына механикалық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік көрсеткіштерімен:

1) механикалық - аяқ киімнің төменгі бөліктерінің, өкшесінің дайындама жіп тігістерінің бекітілу беріктігі, пішін өзгерісі көрсеткіштерімен; спорттық аяқ-киім - ұлтанның көп мәрте иілуге шыдамдылығы ұлтанның соққыға беріктігі, бекітілу тұстарының беріктігі көрсеткіштерімен;

2) биологиялық - бұйымның физикалық қасиеттерінің көрсеткіштерімен ( иілгіштігі, су өткізбеушілігі);

3) химиялық - модельді ауа соғатын ортасына және сулы ортаға денсаулыққа қауіпті химиялық заттардың шекті бөлінуімен, материалдар бояуларының құрғақ және ылғалды үйкелуге, терлеу әсеріне беріктігімен сипатталады.

28. Аяқ киімнің мынадай қауіпсіздік көрсеткіштері айқындалады:

1) күнделікті киетін, модельді, спорттық және үйде киетін аяқ киім-ұлтанның және төменгі бөліктерінің бекітілу беріктігі;

2) күнделікті киетін, модельді және үйде киетін — өкшенің бекітілу беріктігі;

3) күнделікті киетін, модельді, үйде және жолда киетін — иілгіштігі;

4) спорттық - ұлтанның көп мәрте иілуге төзімділігі;
5) спорттық - ұлтанның соққыға беріктігі және бекітілу тұстарының беріктігі;
6) резеңке, полимер, резеңке-тоқыма және полимер-тоқыма - су өткізбеушілігі.

29. Аяқ киім аяққа ыңғайлы болуы тиіс. Аяқ киім дайындауға арналған қалыптар, өкшені, аяқ киім бөліктерін бекіту әдістері мен беріктігі, аяқ киімнің илгіштігі, табан ұшы мен өкшесінің майысу шамасы аяқ киімнің нақты түрлеріне арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес болуға тиіс. Қолданылатын материалдардың сапасы аяқ киімнің илгіштігін қамтамасыз етеді. Өкшесі төмен аяқ киімнен басқа, табан жиынтығын ұстау үшін міндетті түрде супинатор (өкшелік) болуы тиіс.

Аяқ киім астары бөліктерінің бояуы құрғақ, ылғалды үйкелу және терлеу әсеріне төзімді болуы тиіс.

Аяқ киімнің механикалық және биологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның 1-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

30. Аяқ киім шығаруда қолданылатын материалдардан бөлінетін зиянды заттардың шекті рұқсат етілген нормалары осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның 3-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Үйде және жағажайда киетін аяқ киім материалынан бөлінетін зиянды заттардың бөлінуін бақылау сулы ортада, аяқ киімнің қалған түрлерін ауа соғатын ортада жүргізіледі.

Сулы орта мен ауа соғатын ортадағы дәлдік индексі 120%-дан артық болмауы қажет.

31. Былғары-галантерея бұйымдардың қауіпсіздігі мына:
1) тұтқалары мен иықтық белдіктердің ажырату жүктемесі - механикалық көрсеткіштермен.
2) денсаулыққа зиянды химиялық заттардың модельді ауа соғатын ортаға және сулы ортада шекті бөлінуі химиялық көрсеткіштермен сипатталады.

Былғары-галантерея бұйымдары бөліктерінің бояуы құрғақ, ылғалды үйкелу және терлеу әсеріне орнықты болуға тиіс.

Былғары-галантерея бұйымдарының механикалық және химиялық қауіпсіздік көрсеткіштері осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның 2-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Былғары-галантерея бұйымдарын жасау кезінде қолданылатын материалдардан бөлінетін зиянды заттардың шекті рұқсат етілген нормалары осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның 3-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Былғары-галантерея бұйымдарының материалдарынан зиянды заттардың

бөлінуін бақылау ауа ортада жүргізіледі.
Ауа соғатын ортадағы дәлдік индексі 120 %-дан аспауға тиіс.

## 10. Тоқыма және трикотаж материалдардың және олардан жасалатын бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

32. Тоқыма және трикотаж материалдардың және олардан жасалатын бұйымдардың (бұдан әрі - киім және бұйым; тігін және трикотаж бұйымдар) биологиялық және химиялық қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер олардың функционалдық мақсатына қарай белгіленеді.

Киім мақсатына қарай: бірінші, екінші және үшінші қабаттағы киімдерге бөлінеді.

Бірінші қабаттағы киімдерге адам терісімен тікелей жанасатын киімдер жатады. Осы топқа бұйымның мынадай түрлері жатады: жайма бұйымдары ( жайма, іш-киім және асхана жаймасы); корсеттік және суға шомылу бұйымдары; бас киімдер (жазғы); шұлық-ұйық бұйымдары; бет орамалдар мен басқа тартатын орамалдар.

Екінші қабаттағы киімдерге адамның терісімен шектеулі жанасатын бұйымдар жатқызылады. Аталған топқа көйлек-кеудеше, костюм (астарсыз), шалбар және жейде ассортименті мен көрсетілген ассортименттің ерлерге және әйелдерге арналған трикотаж бұйымдары жатады.

Үшінші қабаттағы бұйымдарға екінші қабат киімінің үстінен киюге арналған бұйымдар, оның ішінде пальто, қысқа пальто, күрте, плащ, костюм (астары бар) жатады.

33. Тоқыма және трикотаж материалдардан жасалған киімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігі өнімнің түріне қарай белгіленген химиялық және физикалық-химиялық қасиеттері көрсеткіштерінің кешенімен (бояудың беріктігі, ылғал тартқыштығы, ауа өткізушілігі, үлестік электрлік қарсылығы, құрамында формальдегидтің және басқалардың болуы) сипатталады.

34. Тоқыма және трикотаж материалдары мен олардан жасалған бұйымдар мақсатына, функционалдығы мен физикалық-химиялық әсерлерге орнықтылығына қарай өнімнің нақты түріне арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

Тоқыма және трикотаж материалдар мен олардан жасалған бұйымдар қауіпсіздігінің физикалық-химиялық көрсеткіштері осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның 1-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Тоқыма және трикотаж материалдар және олардан алынатын бұйымдардан зиянды химиялық заттардың бөлінуі осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген нормадан аспауы тиіс. Бақыланатын

химиялық заттар тізбесін материалдың химиялық құрамы мен бұйым түріне қарай: бірінші және екінші қабат бұйымдарында - сулы ортада, үшінші қабат бұйымдарында - ауа соғатын ортада анықталады.

Болуы өндіріс процесіндегі аппреттерді қолдануымен байланысты тоқыма материалдары мен олардан жасалған бірінші және екінші қабатты бұйымдардан зиянды химиялық ұшпа заттардың бөлінуі осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген нормадан аспауы керек.

Уыттылық индексі 120 %-дан аспауға тиіс.

35. Тоқыма және трикотаж материалдары мен олардан жасалған бұйымдар бояуының орнықтылық көрсеткіші осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның 4-кестесінде белгіленген көрсеткіштер сәйкес келуі керек.

36. Өнімнің өндірісі үшін пайдаланылатын шикізат пен көмекші материалдар Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс.

Жеңіл өнеркәсіпте (жүн, жібек, мақта-мата, зығыр, трикотаж, тоқыма-галантереялық және тігін саласында) өңделетін химиялық талшықтардың, жіптердің, қосалқы заттар мен материалдардың (бұдан әрі - химиялық талшықтар) "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қауіпсіздік паспорты болуға тиіс.

Химиялық талшықтардың адам денсаулығына қауіпсіздігін бағалау санитарлық-химиялық зерттеуді, уыттылығын бағалауды және аккредиттелген зертханаларда физикалық-механикалық сынақтарды қамтитын кешенді сынақтар нәтижелері бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Химиялық талшықтар мен жіптердің санитарлық-химиялық көрсеткіштері осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның 5-кестесінің көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс.

## 11. Былғары мен теріден жасалған киімдердің және бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

37. Былғары мен теріден жасалған киімдердің және бұйымдардың қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер мына нормаларға сәйкес келуге тиіс:

1) бос формальдегидтің салмақтық үлесі:

тері матасы мен түкті жабында - 0,3 мг/г аспайды;

киімнің үстіңгі жағы материалы мен тері астарлы бұйымда - 1,0 мг/г аспайды;

тоқыма астарда - 0,3 мг/г аспайды;

2) тері матада және түкті жабындағы сумен жуылатын хромның (VI) салмақтық үлесі — 0,003 мг/г аспайды.

38. Киімдер мен бұйымдар жасау үшін қолданылатын теріден және былғарыдан жасалған материалдарда зиянды заттардың шекті рұқсат етілген мөлшері осы Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1-кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Ауа соғатын ортада уыттылық индексі 120%-дан аспауы керек.

## 12. Сәйкестік презумпциясы

Ескерту. 12-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 13. Өнімнің осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау

41. Өнімнің сәйкестігін растау "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Міндетті сертификаттау нысанындағы сәйкестікті растау мына:

1) талшықтың барлық түрлерінен жасалған маталар және трикотаж жаймалар; тоқыма және трикотаж материалдарынан жасалған киімдер (үшінші қабат киімдерінен басқа), іш киім, асханалық, төсек, шомылу керек-жарақтар, шұлық-ұйық бұйымдары;

2) аяқ киім (етік, қысқа қонышты етіктер, бәтеңкелер, қонышсыз бәтеңкелер, туфли және т.б.): ерлер мен әйелдерге арналған күнделікті киетін, сәнді, жеңіл және үйге киетін қонышты, құрым, тоқыма материалдан, киіз немесе фетрден жасалған, синтетика және жасанды материалдан жасалған, құрама, резеңке, полимер, резеңке-тоқыма және полимер-тоқыма күнделікті киетін, әйелдер мен ерлерге арналған қонышты, хромды спорттық (баскетболға, волейболға, тенниске, футболға және регбиге, кроссқа арналған), тоқыма материалдан, киіз немесе фетрден жасалған, синтетика және жасанды материалдан жасалған өнімдер үшін 2, 3, 4, 5, 7-схемалар бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

43. Сәйкестік туралы декларация қабылдау нысанындағы сәйкестікті растау:

1) иленген тері, тері пластина, пішілген тері;

2) аяқ киімнің төменгі жағына арналған былғары, техникалық былғары, аяқ киімнің үстіңгі жағына арналған қоныш, аяқ киімнің үстіңгі жағына арналған былғары, аяқ киім астарына арналған былғары, киім және бас киімге арналған тері, галантереялық былғары, қолғаптар мен биялайға арналған былғары, тері-былғары жартылай фабрикаттары;

3) былғары-галантерея бұйымдары (портфельдер, портпледтер, рюкзактар, сөмкелер, оның ішінде далалық және кондукторларға арналған, қолғаптар,

биялайлар, белдік-белбеулер, музыкалық аспаптар мен жүкке арналған, жол бұйымдары, оның ішінде чемодандар, саквояждар, жол қапшықтары, құндақтар, футлярлар, былғары-галантереялық ұсақ бұйымдар және т.б.) өнімдері үшін жүргізіледі.

44. Өтініш берушінің қалауы бойынша декларациялау нысанындағы сәйкестікті растау міндетті сертификаттау түріндегі сәйкестікті растауға ауыстырылуы мүмкін.

## 14. Өтпелі ережелер

45. Осы Техникалық регламент қолданысқа енген сәттен бастап Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары мен нормативтік құқықтық актілері осы Техникалық регламент ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

46. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілгенге дейін берілген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды деп есептеледі.

47. Осы Техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 12 ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Техникалық регламентке
1-қосымша

**Оларға қатысты осы Техникалық регламенттің талаптары белгіленетін өнім тізімі**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

| **Өнім тобының атауы** | **КО СЭҚ ТН коды** |
| --- | --- |
| Ерлер және әйелдер аяқ киімі: түрлі материалдардан және бекіту тәсілдерінен жасалған күнделікті, модельді, жеңіл, үй, жол, спорттық | 6401, 6402, 6403, 6404, 6405, 6406 |
| Тоқыма материалдары | 5007, 5111, 5208 - 5212, 5309 - 5311, 5407, 5408, 5512 - 5516, 5801, 5802 - 5811, 6301 - 6304 |
| Машинамен және қолмен тоқылған тоқыма жаймалар | 6001, 6002, 6003, 6004, 6005, 6006 |
| Киім заттары мен машина мен қолмен тоқылған тоқыма киімдер керек-жарақтары | 6101 - 6117 |
| Киім заттары мен машина немесе қолмен тоқылған киімнен басқа киім керек-жарақтары | 6201 - 6208, 6210 - 6217 |
| Бас киімдер мен олардың бөліктері | 6504 00 000 0; 6505 90 050 0; 6505 90 100 0; 6505 90 300 0; 6505 90 800 0; 6506 99 100 0 |
| | |

| | |
|---|---|
| Өңделген былғары | 4104 - 4107; 4112 - 4115 |
| Табиғи және жасанды үлбір және одан жасалған бұйымдар | 4301 - 4303; 4304 00 000 0 |
| Былғарыдан жасалған бұйымдар: қайыс ер-тоқым және тұрман бұйымдары, жол керек-жарақтары, әйелдер сөмкесі мен өзге де соған ұқсас бұйымдар | 4201 - 4203, басқа 4203 29 100 0; 4205 00 |

Техникалық регламентке 2-қосымша

## Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін таңбалауға (зат белгілеуге) қойылатын қосымша талаптар

### Тоқыма материалдары

1. Осы Техникалық регламенттің 16-тармағында көзделген өнімді таңбалау бойынша міндетті талаптарға қосымша ретінде сатып алушыға тоқыма материалдардың, сондай-ақ жалпы салмағынан тоқыма талшықтардың ең азы 80 % тұратын жиһаздық маталарды, аяқ киім, қолғап және спорт қолғаптарына арналған астарларды, осы бөлшектердің немесе астарлардың ең азы 80 % бұйымның жалпы салмағын құрайтыны жағдайда; олардың құрамы көрсетілген жағдайда олардың құрамдас бөлігі болып табылатын өзге бұйымдардың құрамына қосылған тоқыма материалдардың атауы, талшықтық құрамының таңбалануы және зат белгілеу қатысты қосымша ақпарат берілуі керек.

2. Талшықты құрамды таңбалау қатысты ережелер:

1) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша кедендік бақылаумен транзитпен тасымалданатын;

2) кейіннен қайта экспорттаумен ішкі қайта өңдеу үшін импортталатын;

3) оларға меншік құқығын бермей жеткізуші материалдарын қайта өңдейтін, үйде немесе жеке фирма түрінде жұмыс істейтін тұлғалар сатып алған.

Осы қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес келетін талшықтардың атауы мен сипаттауы осы қосымшаның 1 және 2-кестелерінде берілген.

Талшықты құрамды таңбалау және зат белгілеу міндетті болып табылмайтын өнім тізбесі осы қосымшаның 3-кестесінде берілген.

3. Осы қосымшаның 4-кестесінде көзделген атаулар жеке өздері немесе кез келген басқа да талшықтарды белгілеу үшін түбір немесе сын есім ретінде пайдаланыла алады.

4. "Жібек" сөзі тоқыма талшықтардың нұсқасын немесе ерекшелеу сипаттамасын көрсету үшін пайдаланыла алады, мысалы филаменттік жіптер.

5. Тек бір талшықтан тұратын тоқыма материалынан басқасы "100%", "таза" немесе "толық" деп сипаттала алмайды және өзге ұқсас термин пайдалана алмайды.

6. Тоқыма материалы, егер осы сан техникалық дәлелдермен негізделсе және өзге себептермен қосылмаса, салмағынан 2 % артық өзге талшықтан тұра алады.

7. Осы қосымшаның 6-тармағында көрсетілген 2 % көлемде ауытқу, егер тоқыма өнімі темір тарақпен тарау процесінен өтсе, 5 %-ға дейін өсуі мүмкін.

8. Жүн материал, егер бұрын дайын өнім құрамына қосылмаса, бұрын өнім өндіру үшін қажетті процестен басқа иіру және/немесе илеу процесіне түспеген және өңдеу және қайта өңдеу барысында тозбаған талшықтан ғана тұрса, таза жүн ретінде сипаттала алады.

9. Осы қосымшаның 8-тармағына қарағанда "таза жүн" атауы, егер:

1) қоспада таза жүн осы қосымшаның 8-тармағында айқындалған талаптарға сәйкес келсе;

2) жүн қоспаның жалпы салмағының ең азы 25 % құраса;

3) тоқыма қалдықтарымен қоспада жүн өзге талшықтың бір түрімен араласқан жағдайда талшықтар қоспасында жүнді сипаттау үшін пайдалана алады. Бұл жағдайда қоспаның толық пайыздық қоспасы беріледі.

10. Осы қосымшаның 8 және 9-тармақтарында аталған өнімдер үшін техникалық аргументтермен негізделген жүннің жалпы салмағынан өзге талшықтар қоспасының, оның ішінде темір тарақпен тарау процесіне түскен жүн материалдары үшін 0,3 % ауытқуға рұқсат етіледі.

11. Ең және одан да көп талшық түрлерінен, оның ішінде жалпы салмақтан ең азы 85 % құрайтын тоқыма материалдарын таңбалау мына үлгіде:

1) осы талшықты және оның салмақта пайыздық болуын көрсету; немесе

2) осы талшықты "ең азы 85%" деген сөздермен көрсету арқылы; немесе

3) материалдың толық пайыздық құрамын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

12. Олардың ешқайсысы жалпы салмақтың 85 % құрамайтын екі және одан да көп талшықтан тұратын тоқыма материалы оның атауы және салмақта олардың пайызы көрсетіліп немесе көрсетілмей салмағы кішірею тәртібінде өзге талшықтарды көрсетіп талшықтардың екі негізгі түрін салмақта пайызы көрсетіліп таңбаланады.

13. Материалдың жалпы салмағында жеке кем дегенде 10 %-ды құрайтын талшықтар салмақта жалпы пайызы көрсетіліп "өзге талшықтар" түрінде атала алады.

14. Егер материалдың жалпы салмағынан кем дегенде 10 % құрайтын талшық атауы көрсетілетін жағдайда материалдың толық пайыздық құрамын көрсету керек.

15. Негізі мақтадан, ал арқаужібі зығырдың пайыздық болуы кенеп жайманың жалпы салмағынан ең азы 40 % құрайтын зығыр талшығынан тұратын материалдар "мақта-зығыр" қоспасымен атала алады, бұл жағдайда атау құрамды

"негізі - таза мақта, арқаужібі - таза зығыр" деген айрықшалаумен ілеседі.

16. Тоқыма өнімнің жалпы салмағынан ең азы 2 % құрайтын бөтен талшықтардың саны, егер осы сан техникалық негізделмесе және қосылмайтын болса, ескерілмейді. Егер ауытқу материалдар осы қосымшаның 10-тармағында ескертілген ауытқуға тимей темір тарақпен тарау процесіне түсірілсе, 5 %-ға жетуі мүмкін.

17. Затбелгіде қосылған талшықтардың жалпы салмағымен салыстырып талдау нәтижесінде алынған пайыздардан талшықтың өтінілген пайызына 3 % ауытқу рұқсат етіледі. Бұл ауытқу пайызы белгіленбей салмақта кемуіне орау жазылған талшықтарға да, сондай-ақ осы қосымшаның 9-тармағының 3-тармақшасында қарастырылған материалдарға да қолданылады.

18. Талдау кезінде ауытқулар талшықтың әр түрі үшін жеке есептеледі. 17-тармақта қарастырылған ауытқуларды есептеу кезінде пайдаланылатын жалпы салмақ осы қосымшаның 16-тармағына сәйкес анықталған бөтен талшықтардың салмағы шығарылып тасталатын қорытынды өнімдегі талшық салмағы болады.

19. Осы қосымшаның 16 және 17-тармақтарында белгіленген ауытқуларды жинақтау, егер талдау кезінде табылған талшықтардың кез келгені осы затбелгіде белгіленген бір немесе бірнеше талшықтардың химиялық құрамынан болып табылса ғана рұқсат етіледі.

20. Осы қосымшаның 16 және 17-тармақтарында қарастырылғанға қарағанда үлкен ауытқулармен өнім өндірісі жағдайында негізделген болуы тиіс.

21. "Аралас талшықтар" немесе "көрсетілмеген тоқыма құрамы" термині құрамы аспаптық әдіспен айқындалатын өнім үшін ғана пайдаланыла алады.

22. Оқшаулана алатын және дайын өнім салмағында 7 % аспайтын әсемдік сипатқа ие талшықтар осы қосымшаның 5-7 және 11-21-тармақтарында қарастырылған талшықтық құрамда белгіленбейді. Осы ереже антистатикалық әсер ету үшін пайдаланылатын және дайын бұйымның салмағынан 2 % аспайтын талшықтар үшін қолданылады. Осы қосымшаның 2, 11-тармақтарында белгіленген өнімдер жағдайында пайыздар негіз салмағына және сәйкес арқаужіп салмағына қатысты жеке есептеледі.

23. Осы қосымшаның 3-21-тармақтарында және 1-кестеде қарастырылған тоқыма талшықтар атауы және талшықтық құрамды таңбалау коммерциялық құжаттарда нақты көрсетіледі. Бұл талап келісімшарттарда, шоттар мен тауарлық жүктемелерде қысқартуларды болдырмауға әкеледі. Егер осы құжаттарда түсіндірілсе, механикалық өңдеудің арнайы коды пайдаланыла алады.

24. Осы қосымшаның 3-21-тармақтары мен 1-кестеде қарастырылған тоқыма талшықтардың болуына қатысты атаулар, кескіндер мен айрықшалаулар тоқыма тауарлар сату үшін ұсынылатын немесе тұтынушыға сатылатын жағдайда, оның ішінде каталогтар мен коммерциялық әдебиетте, орауда, зат белгіде және

таңбалауда нақты, түсінікті жазылуы керек.

25. Осы қосымшаның 21-тармағында қарастырылған ақпараттар, тоқыма тауарлары суреттермен немесе сипаттамалармен каталогтар немесе проспектілер арқылы тапсырыстар тарту мақсатында берілетін көрмелер жүргізу кезінде беріледі.

26. Осы қосымшаның 23-27-тармақтарында қарастырылғаннан басқа өзге белгілеулер мен ақпараттар нақты берілуі керек. Осы ереже осы регламентпен қарастырылған белгілеулерге дейін немесе кейін бірден көрсетілуі мүмкін сауда маркаларына немесе кәсіпорын атауына қатысты болмайды.

27. Тігін жіптерінің, ілмектерді көтеруге арналған немесе кестеге арналған жіптердің шарғы, жөргем, иіршік, шүйке немесе кез келген өзге шағын көлемі жағдайда айрықшалаулар жалпы орауда немесе осы қосымшаның 15-тармағында 3-кестеде көрсетілген өнімдерге қатысты болмай, қойылған орнында жазылуы мүмкін.

28. Түрлі талшықтық құрамға ие екі немесе одан да көп құрамдас бөліктерден тұратын кез келген тоқыма өнімі әр құраушының талшықты құрамының таңбалауына ие болады. Бұндай зат белгілеу бұйымның жалпы салмағынан кем дегенде 30 % құрайтын құраушылар үшін міндетті болмайды. Негізгі астарлар үшін талшықтық құрамды таңбалау міндетті болып табылады.

29. Екі немесе одан да көп тоқыма өнімдер бірдей талшықтық құрамға ие болатын немесе бір тұтасты түзетін жағдайда олар тек бір затбелгіге ие бола алады.

30. Төменде көрсетілген тоқыма тауарлардың талшықты құрамын таңбалау мына үлгіде жүзеге асырылады:

1) корсеттік бұйымдардың талшықтық құрамы тұтас немесе төменде көрсетілген оны құраушылармен бірге немесе жеке құрамда беру жолымен көрсетілуі керек:

төсқаптар үшін: тостақтардың, сондай-ақ төсқаптың артқы бөлігінің сыртқы және ішкі материалдары;

корсеттер үшін: бекітілген алдыңғы, артқы және бүйір бөліктері;

грациялар үшін: тостақтардың сыртқы және ішкі маталары, бекітілген алдыңғы, артқы және бүйір бөліктері.

Жоғарыда аталғандардан басқа өзге корсеттік бұйымдардың талшықты құрамы тұтасымен өнім құрамын көрсету жолымен немесе тұтас немесе жеке берілген бұйымның түрлі құраушылары көрсетіледі. Бұндай зат белгілеу өнімнің жалпы салмағынан кем дегенде 10 % құрайтын құраушылар үшін міндетті болып табылмайды.

Көрсетілген корсеттік бұйымдардың түрлі бөліктерін бөлек затбелгілеу қорытынды тұтынушы затбелгіде көрсетілген нұсқаулардың бұйымның қай

бөлігіне қатысты екендігін жеңіл түсінетіндей болуы керек;

2) жидіту әдісімен айшықталған тоқыма бұйымдардың талшықты құрамы барлық өнім үшін беріледі және негізгі мата мен жидітілген (ағартылған) бетінің құрамын жеке көрсету жолымен көрсетіледі. Осы құраушылар оларды атау жолымен белгіленеді;

3) кестеленген тоқыма тауарлардың талшықты құрамы барлық өнім үшін беріледі және негізгі мата мен кестелеу жібінің құрамын жеке жариялау жолымен көрсетіле алады. Егер кестеленген бөліктер бұйым алаңынан кем дегенде 10 % алаңды құраса, тек негізгі матаның талшықты құрамын жариялауға рұқсат етіледі ;

4) тұтынушыға ұсынылатын, өзге талшықтармен оралған өзектен тұратын жіптердің талшықты құрамы барлық өнім үшін берілуі керек және атауы көрсетіліп өзек пен өрім құрамын жеке жариялау жолымен белгілене алады;

5) барқыт, пүліш немесе өзге ұқсас материалдардың талшықты құрамы барлық өнім үшін белгіленеді, егер өнім нақты негіз бен түрлі талшықтан қолданылатын алаңға ие болса (беттік), онда олардың атауы көрсетіліп осы бөліктерді жеке жариялау жолымен көрсетіле алады.

31. Осы қосымшаның 4-кестеде көрсетілген тоқыма өнімдер сатуға талшықты құрам айрықшалауымен жалпы зат белгінің болуымен сатуға ұсынылады.

32. Метрге сатылатын тоқыма өнімдер жиегі бойынша немесе сатуға ұсынылатын орауда таңбаланады.

33. Осы қосымшаның 36-тармағында қарастырылған ережелерді және тоқыма материалдардың талшықты құрамын таңбалауға қатысты өзге ережелерді қолдану үшін осы қосымшаның 5-21-тармақтарында көрсетілген пайыздық мазмұн мыналарды есепке алмай анықталады:

1) барлық тоқыма материалдар мен бұйымдар үшін: өнімнің құрамдас бөлігі болып табылмайтын тоқыма емес құрам бірліктер, жиектер, затбелгілер мен белгілер, шашақ және әрлеулер, матамен қапталған түймелер мен қапсырмалар, керек-жарақтар, оюлар, созылмайтын таспалар, баулар және өнімнің ерекше және шектеулі орындарында және осы қосымшаның 22-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес қолданатын созылмалы жіптер, көрінетін, оқшауланатын таза әсемдеу үшін қолданылатын талшықтар, сондай-ақ статикаға қарсы талшықтар;

2) жиһаздық маталар үшін: қосатын және толтыратын, бет бөлігі болып табылмайтын негіз бен арқаужіп;

3) торлы және тұтас перделер үшін: қосатын және толтыратын, матаның бет бөлігі болып табылмайтын негіз бен арқаужіп.

34. Өзге Тоқыма материалдар үшін мыналар ескерілмейді:

1) бекітуге арналған, қатыруға арналған негіз-маталар немесе астарлық маталар және егер олар арқаужіп және/немесе мата негізін алмастырса,

селдірматаға арналған негіз, кестелік немесе байланыстырғыш жіптер, осы қосымшаның 28-тармағына сәйкес оқшаулау немесе астар рөлін атқармайтын толтырғыштар, оның ішінде;

2) негіз материалы немесе пайдаланылатын бет үшін, негізінен көрпе мен қосарлы маталар үшін пайдаланатын бетке астар жағы болатын тоқыма материалдың төменгі бөлігі және барқыт, пүліш және өзге ұқсас маталарға арналған астар алып тастала алатын астап деп есептелмеуі керек;

3) бекітпелер мен нығайтқыштар тоқыма материалдарын нығайту немесе қалыңдату үшін олардың айрықша және шектелген орындарына қосылған жіптерді немесе материалдарды білдіреді.

35. Майлы заттар, тұтқыр, желімдейтін және әрлейтін материалдар, айшықтауға арналған материалдар, бояуға арналған көмекші материалдар мен тоқыма өңдеуге арналған өзге заттар ескерілмейді.

## Тұтынушыларға арналған ақпарат үшін затбелгіде көрсетілетін сәйкестендіру элементтері мен сипаттамалары

36. Нарықта сатылатын тоқыма материалдар затбелгіленеді немесе таңбаланады. Затбелгілеу немесе таңбалау, егер тауар қорытынды тұтынушыға сату үшін арналмаса, коммерциялық құжаттармен алмастырыла немесе ілестіріле алады.

37. Рынокта орналастырылған тоқыма материалдары осы регламентке қоса берілген осы қосымшаның 5-кестесіне сәйкес тоқыма материалдардың негізгі техникалық және сапалық сипаттамалары мен тоқыма тауарларға күтім жасау тәсілдері қосымша көрсетіліп ұлттық заңнамамен қолданылатын "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентіне сәйкес затбелгіленеді.

38. Тоқыма тауарларды күту тәсілін көрсеткен кезде МЕМСТ ISO 3758 қарастырылған белгілер пайдаланылады.

Киімдер, тоқыма бұйымдар, тоқыма материалдардан жасалған тігін бұйымдары үшін қосымша ақпарат мыналардан тұруы керек:

1) бұйым беті мен астары материалында табиғи және химиялық шикізаттың түрі мен салмақтық үлесі (пайыздық мазмұны);

2) Қазақстан Республикасында қабылданған типтік өлшемді шәкілге сәйкес бұйым өлшемі;

3) бұйымға күтім жасау бойынша белгілер;

4) егер, оның болуы өнімнің накты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттармен көзделген жағдайда бұйымды жарату және пайдалану барысында оған күтім жасау бойынша нұсқаулық.

Маталар, тоқыма және тігін жаймалары, жеке бұйымдар үшін қосымша ақпарат мыналардан тұруы керек:

1) табиғи және химиялық құрамның түрі мен салмақтық үлесі (пайыздық болуы);

2) атаулы ені, желілік өлшемдер (ұзындығы, ені);

3) бояу тұрақтылығының деңгейі;

4) әрлеу түрі;

5) күтім бойынша белгілер.

Таңбалауда көрсетілген түр мен шикізат болуының нақты мәндерінің ауытқуы (%) 5 % аспауы керек.

39. Кәсіпорын-өндірушілер, егер бұл жұмыс үшін қажет болса, тоқыма материалдарды күту бөлігінде тұтынушылар үшін қосымша нақтылаулар жасай алады.

